


Тақырып: Жер төсемі

Жоспар:

1. Жер төсемінің көлденең пішіні.
2. Жер төсемінің бойлық бедері.
3. Жер төсемесінің қасеттері.
4. Жер төсемінің конструкциялық элементтері.
5. Жер төсемінің пішінінің өзгерісі.

Жер төсемі

- Жер төсемесі — жер бетінен алынған топырақты өңдеу нәтижесінде жасалған құрылыс кешені. Ол жолдың үстіңгі жол құрылысын салуға арналған және жолдың орнықтылығын, сондай-ақ оны атмосфераның және жер үсті суының әсерінен қорғауды қамтамасыз етеді. Жолды тегіс емес жердің бетіне тікелей салмайды. Жер төсемі берік, орнықты және бұзылмайтын болу керек. Оның құрылымын күту мен өңдеу жұмысына аз қаражат кететін механизмдер кеңінен қолданылуы қажет. Көрсетілген талаптарды орындау үшін жол үйіндісіне дұрыс топырақ таңдап және оны ұқыпты түрде нығыздап, жер төсеміне суға қарсы тұра алатын біркелкі кескін беріп, үйінді мен ойықтың құламасын бекіткен абзал.



* Жер төсемі

Жер төсемінің көлденең пішіні

Үлгі

Қалыпты

жер төсемін кәдімгі топырақтан негізі берік жерге салғанда қолданылады

Арнайы

мәңгі тоңды таулы, сусыма құмды, батпақты, сары топырақты жерлерде және т. б. жағдайда пайдаланылады

Жеке

күрделі топографиялық, гидрологиялық және климаттық жағдайда және үйінді биіктігі 12 м асқанда пайдаланылады

Жер төсемінің бойлық бедері

Бойлық бедері желісі деп теміржол осының тік жазықтыққа түсірілген кескінің айтады. Және де ол көлденең арақашықтығы 1:1000 масштабта сызылады.

Бойлық бедері мынадай кестеден тұрады:

- жол километрі;
- пикеттер;
- жер белгілері (қара);
- жобалық еңіс;
- жоба белгісі (қызыл)
- жұмысшы белгісі.

Жер төсемесінің қасиеттері:

Жер төсемі поездардың әсерінен әр түрлі өзгерістерге ұшырайды және табиғат факторларының әсерінен бұзылады. Жер төсемінің жағдайы мен бүтіндігінен, жол жұмысының сенімділігі тәуелді болады.

Оның келесі қасиеттері болуы керек:

- Жоғары беріктік
- Сенімділік және ұзаққа шыдамдылық
- Поездан түсетін жүктемеге ешқандай бұзылусыз шыдау (жүктеме алып тасталғаннан кейін жоғалатын серпінді пішінін өзгертуге ғана рұқсат етіледі)
- Судың, желдің және басқа да табиғат факторларының әсерінен бұзылудан қорғайтын сенімділік.
-

Жер төсемінің конструкциялық элементтері

Жолдың жоғарғы құрылысының негізі болып табылатын, дұрыс түрде жобаланған жер үсті, жер төсемінің негізгі ауданы болып табылады.

Негізгі ауданда балластты призманың 2 жағынан ені 0,5-тен 1,0м-ге дейінгі жолдың жиегін қалдырады, олар жер төсемінің орнықтылығын жоғарылату үшін, балласттың түсуін бөгеу үшін, жолдық және сигналдық белгілерді орналастыру үшін керек.

Жер төсемінің тік учаскелерде бір жолдық жолдарда ені 7м, қос жолды жолдарда 11,1м қабылданады. Қисық учаскелерде жер төсемі белгіленген нормаларға сәйкес ені кеңейтіледі.

ЖЕР ТӨСЕМІНІҢ ПІШІНІНІҢ ӨЗГЕРІСІ

Жер төсемінің ішінде немесе оның пішінін өзгертетін процестерді жер төсемінің аурулары, ал олар пайда болатын учаскелер ауыратын жерлер деп аталады.

Жер төсемінің төмен түсуі - жер төсемінің топырақ төгу технологиясы бұзылған жағдайда, дұрыс тығыздалмауының немесе үйінді негіздерінің әлсіздігінің нәтижесінде болады.

Балластты астау- негізгі ауданның пішінінің өзгеруі нәтижесінде шпалдардың астыларының төмен түсуі. Астаулардың өсуі балластты арканы тудырады. Төселген топырақтың әр келкілігінен балластты ұялар пайда болады.

Ісіну- қатып қалған судың көлемінің өсуі нәтижесінде пайда болған пішіннің өзгеруі.

Үйіндінің жайылуы- қатып қалған, сулы топырақтан немесе оның сумен және мұзбен араласуы нәтижесінде жерн төсемінің төгілуі.

Үйіндінің төмендеуі- негіздегі карсттық процестердің нәтижесі.

Опырылу, түсу- жолды бөгейтін тастардың опырылып түсуі.

Жер төсемінің бұзылуын болдырмау үшін уақтылы бекіту шараларын қолданып, бұзылуға әкеп соғатын себептерді жою керек.



НАЗАР
АУДАРҒАНДАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!